

"Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей" КММ

**«Қамқоршылық» кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ № 2**

Мерзімі: 20.11.2024 жыл.

Қатысқаны: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, хатшы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасының жаңартылуы туралы ақпарат
Жауапты: Мектеп-лицей директорының міндетін атқарушы Ш.Аймағамбетова
2. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы
Жауапты: Әлеуметтік педагог Г.Аманжолова
3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жүргізілген жұмыстар есебі
Жауапты: мектеп психологы А. Өмірзақова

Тыңдалды:

1. Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Әбдіқалықова сөз сөйледі:

Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей бойынша мектептің материалдық-техникалық базасын дамыту үшін берілген заттар мен қаражаттың есебі педагогикалық кеңесте таныстырылды. Мектеп базасында мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес, жабдықтар мен жиһазбен жарақтандырылды. Мектеп дәліздері мен кабинеттерге оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 73 бейне бақылау қондырғылары қондырылды. Оның ішінде 65 мектептің ішінде, 8 далада, 7 қалтарыс аймақтарында орналасқан Білім сапасын жақсарту мақсатында кабинеттерге бірнеше LED экрандары іске қосылды, кабинеттер жабдықталды. Мектепте құжатталған кабинеттер саны-33. Оның ішінде технология, ағаш шеберханасы, алғашқы әскери даярлық, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті, мультимедия, география-2, химия-2 жаратылыстану, тарих-2, робототехника, биология, информатика-2, математика-2, физика-2 бастауыш кластың эксперимент кластары -11 кабинет. Сонымен қатар әдістемелік кабинетте интерактивті тақтамен жабдықталған. Мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы, «KS media» студиясы бар. Мектеп кітапханасы заманауи талапқа сай безендендірілген. Мектеп-лицей кітапханасы: абонемент, оқу залы, медиатека, кітап қорын қамтиды. Кітапханада интернет желісіне қосылған 18 компьютер, 20 планшет бар.

Бүгінгі таңда кітапхананың жалпы қоры – 35724 дананы құрайды, оның ішінде –31542 оқулық, негізгі қор – 4182 дана. Білім алушылардың кітап оқу арқылы сөздік қорын молайту, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, өз ойларын, түсініктерін еркін ойлап жеткізуге бағытталған «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобасы жұмыс жасайды. Сонымен қатар мектеп дәліздерінде «Оқуға құштар мектеп» оқырмандарға арналған отыратын диван, жаңа форматтағы «Буккроссинг» алаңы пуфикпен, жаңа кітап сөрелерімен жабдықталды. Мектептің бастауыш класс оқушылары оқитын әр қабатта кітап бұрышы жасақталды, үзіліс кезінде кітап оқуға ыңғайлы.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік –педагог Г. Аманжолова ыстық тамақтың ұйымдастырылуы бойынша сөз сөйледі.

Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің дұрыс тамақтануын жүзеге асыру арқылы денсаулығының мықты болуын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру;

2. Оқушыларға мәзір бойынша асты ұсынуды бақылау және екі апталық мәзірмен сәйкес келуін қадағалап отыру;
3. Жеткізілген тамақтардың мерзімінің өтіп кетпеуін бақылау, келген тамақтарды тексеріп алу;
4. Тамақты алдын ала дайындап қою мәселесін қадағалау, әр күн сайын оқушыларға жаңадан дайындалған тағам түрін ұсынуды қолға алу;
5. Мектеп пен ата-аналардың арасында баланы тамақтандыру жөнінде ақпараттық-түсінік жұмыстарын жандандыру;

Оқушылардың тамақтану тәртібі:

Бірінші ауысым:

9.25-9.40 Ыстық тамақтың берілуі

10.20 - 10.25 Ыстық тамақтың берілуі

11.05 -11.20 Ыстық тамақтың берілуі

Екінші ауысымда:

14.40 – 14.55 Ыстық тамақтың берілуі

15.35 – 15.40 Ыстық тамақтың берілуі

16.20 - 16.35 Ыстық тамақтың берілуі

Асханадағы кезекшілік және тамақтану уақыты

Күні	Әкімшілік кезекші	Кезекші	
		I кезек	II кезек
Дүйсенбі	Басенова Г.Н, Қалиев Б.Б	Класс жетекшілер	
Сейсенбі	Исмагамбетова А.У, Аманжолова Г.Б		
Сәрсенбі	Габбасова А.У, Мұхамбетова Г.		
Бейсенбі	Омарова А.Ж, Өмірзақова А.		
Жұма	Айымагамбетова Ш.Ж, Әбдіқалықова Б.А		

Сыныбы	Кезекші	Оқушы саны	Уақыты	Тамақтану ұзақтығы
1 - сынып	I кезек	148	9:25 - 9:40	10 минут
8-11 - сыныптар	I кезек	16	10:20 - 10:25	5 минут
4 - сынып	I кезек	130	11:05 - 11:20	10 минут
I кезек барлық оқушы саны		294		
2,3,4 - сыныптар	II кезек	149	14:40 - 14:55	10 минут
5-7 сыныптар	II кезек	18	15:35 - 15:40	5 минут
2,3 - сыныптар	II кезек	146	16:20 - 16:35	10 минут
II кезек барлық оқушы саны		313		
Барлығы:		607		

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының жұмыс жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар	Уақыты	Жауапты
1.	Ас блогына келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына мониторинг жүргізу;	Қыркүйек	Комиссия мүшелері
2.	Тағамдардың дайындау технологиясына мониторинг жүргізу;	Қазан	Комиссия мүшелері
3.	Тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына мониторинг жүргізу;	Қараша	Комиссия мүшелері
4.	Азық-түліктер мен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторинг жүргізу;	Желтоқсан	Комиссия мүшелері
5.	Ас мәзірінде көрсетілген азық-түліктердің берілуіне мониторинг жүргізу;	Қаңтар	Комиссия мүшелері
6.	Асхана және ас блогының санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу;	Ақпан	Комиссия мүшелері
7.	Ас блогына келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына мониторинг жүргізу;	Наурыз	Комиссия мүшелері
8.	Тағамдардың дайындау технологиясына мониторинг жүргізу;	Сәуір	Комиссия мүшелері
9.	Тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына мониторинг жүргізу;	Мамыр	Комиссия мүшелері

Оқушылардың тамақтануы бойынша жасалатын жұмыстарының жылдық жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Уақыты	Жауапты
1.	5-9 сынып аралығында жалпыға міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың құжаттарын жинау;	Тамыз-қыркүйек	Г.Б.Аманжолова, класс жетекшілер
2.	Асханадағы кезекшілікті ұйымдастыру;	Қыркүйек	Г.Б.Аманжолова
3.	Тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізу;	Күн сайын	Г.Б.Аманжолова
4.	Ас блогы жұмыскерлерін тексеріп-қарау нәтижелері журналын жүргізу;	Күн сайын	Г.Б.Аманжолова
5.	Асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайын тексеру;	Желтоқсан	Бракерая комиссия мүшелері
6.	Барлық тамақ өнімдерін сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттармен (сертификаттармен) қамтамасыз етілуін қадағалау.	Үнемі	Г.Б.Аманжолова
7.	Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы жөнінде педагогикалық кеңесте қарау. Жалпы ата-аналар жиналысында түсінік жұмыстарын жүргізу.	Уақытылы	Г.Б.Аманжолова
8.	Оқушылардың сапалы және қауіпсіз тамақтануы жөнінде мониторинг жасау;	Ай сайын	Бракерая комиссия мүшелері
9.	Дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдыру;	Күн сайын	Аспазшы

Келесі мәселе бойынша мектеп психологы А.Өмірзақова сөйледі:

Психологиялық қызметтің алдына қойған мақсаты: білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы мен әл-ауқатына ықпал ету, өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғамда оқушылардың қалыпты әлеуметтенуіне көмек көрсету; психологиялық қызмет негізінде әр оқушыға жеке-дара қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеті

- Класс жетекшілерге көмек ретінде оқушылардың психикалық ерекшеліктерін анықтау және оқушымен өзара тиімді қарым-қатынас ұйымдастыру формалары туралы ұсыныстар беру.
- Мұғалімдер ұжымындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін, кәсіби деңгейін анықтау.
- Ата-аналарға балаларының индивидуалдық ерекшеліктері жөнінде мәлімдеп, өзара қарым-қатынасқа түсудің жолдары туралы ұсыныстар беру.

Қалалық ПМПК шешімімен инклюзивті оқыту «Ерекше» және «Үйден оқытылатын» оқушылар есепке алынып, жеке карталары жасақталып түзету және дамыту жұмыстары жасалынды. Ерекше білімді қажет ететін білім алушылар бойынша бойынша 9 оқушы, үйден тегін оқылатын 2 оқушы бар. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жеке жұмыс жоспары құрылып, жеке жұмыстар жүргізілді.

Ерекше білімді қажет ететін білім алушылар :

- 1.Қайрат Баянсұлу 1 «Б» класс
- 2.Марат Данияр 3 «Б» класс
- 3.Керей Бейбарыс 3 «И» класс
- 4.Батырбаев Эльнур 4 «И» класс
- 5.Приходько Кирилл 6 «И» класс
- 6.Ысқақ Айжан 7«А» класс
- 7.Шайдуллина Милана 8«И» класс
- 8.Қалыбек Рамазан 9«В» класс

Ергалиев Жангирхан 10 «Б» класс

Үйден оқитын білім алушылар:

1. Максотов Санжар 7 «И» класс

2. Тұрланқызы Аяна 5 «Б» класс

Ерекше білімді қажет ететін білім алушылармен таным процестерін зерттеу, интеллектуалдық дамуын анықтау мақсатында «Заттарды салыстыру» ойлау тәсілдерін дамыту жаттығулары Д.Б.Эльконин «Графикалық диктант», «Қисынсызықтар» әдістемесі жүргізілді. Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылар ұқыптылық пен ептілікпен орындады. Заттардың түсін ажырата біледі. Қиын сызықтармен жүру арқылы заттардың қандай түсте болатындығын көрсетіп, жұмыс жасай алады. «Ертегі терапиясы», «Саусақ терапиясы», «Менің отбасым» проективтік әдістеме, «Менің арманым» өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру мақсатында жеке жұмыстар жүргізілді. Әр бір баланың өздеріне сай ерекшеліктері бар, ерекшеліктеріне сәйкестендіріп тапсырмалар беріледі. Батырбаев Эльнур мен Қайрат Баянсұлу тапсырманы орындаған кезде көмекті қажет етеді. Берілген тапсырманы жеке бірнеше рет түсіндіргеннен кейін орындай алады. Оқушылармен жоспар бойынша алдағы уақытта жұмыстар үздіксіз жүргізіледі.

Сөйлеушілер:

"Қамқоршылық кеңес" мүшесі А. Бекбосынов: үнемі мектеппен тығыз байланыс жасаймын. Құқықбұзушылық, төленетін айыппұл туралы ата-аналар жиналысында да айтып шығу керек деп ойлаймын.

"Қамқоршылық кеңес" мүшесі А. Кульбаева мектеп асханасы бойынша ата-аналар кезекшілігі бар екенін білеміз. Балаларымның барлығы тамақтанады. Дегенмен кейбір тамақтарды оқушылардың жегісі келмейді. Сол бойынша ұсынысым ас мәзіріне өзгерту енгізілсе деймін.

"Қамқоршылық кеңес" мүшесі А. Суликанова : мектептегі оқушыларға жасалынған жағдай туралы үнемі әлеуметтік желілерден көріп және мектепке келген кезде танысып отырмыз. Әрине оқушыларға жайлы орта қалыптастыруда барлық жағдай жасалынғанына көзіміз жетіп отыр.

Қаулы

1. Мектептің материалдық-техникалық базасының жаңартылу жұмыстары жалғастырылсын.

2. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы бойынша бақылау жүргізілсін. Ас мәзіріне өзгеріс енгізілу қарастырылсын.


3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жүргізілген жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылсын.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:



Д. Тажигутова

Хатшы:



Ә. Әбілдаева

Абдрахманов Сагат Сагит

Шаан Азамат

Абрахманова Зарина

Сулканова Акирали

Бекосынов А.С.

Галимжанова Т.М.

Мамилутова Динара Максимовна

Исраилов А.